

Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2011 жылғы 14 маусымдағы № 343 шешімі. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 маусымда № 9-13-132 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 73 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2012.12.21 № 73 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабының 6-тармағының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағына 15)–тармақшасына және Қарасу ауданы бойынша салық басқармасы берген хронометраждық қадағалау мен зерттеу деректеріне сәйкес Қарасу аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Дүркін-дүркін сипаттағы қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін бір жолғы талондар құны 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй- жайлардағы (оқшауланған блоктардағы), сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар сату, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға бір жолғы талондар құны 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а с у а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң о н
а л т ы н ш ы с е с с и я с ы н ы ң

төрағасы:

А. Феоктистов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігі Салық Комитетінің
Қостанай облысы бойынша
Салық Департаментінің

**Қарасу ауданы бойынша салық
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы:**

_____ **Б. Сүлейменов**

М ә с л и х а т ы н ы ң

**2011 жылғы 14 маусымдағы
№ 343 шешіміне 1-қосымша**

**Дүркін-дүркін сипаттағы қызметтерді
жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының
азаматтары мен оралмандар үшін бір жолғы талондар құны**

Р е т с а н ы	Қызмет түрлері	Талондардың теңгедегі құны
1	Газеттер мен журналдар, тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет) бақша дақылдарын, саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, косалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін, жануар мен құстардың жемдерін сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық сатуды (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	179
2	Үй жануарлары мен құстарды бағу	289
3	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметін	254

М ә с л и х а т ы н ы ң

**2011 жылғы 14 маусымдағы
№ 343 шешіміне 2-қосымша**

**Базар аумағындағы дүңгіршектердегі,
стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы)
сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу,
жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі
қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары
мен оралмандар үшін, дара кәсіпкерлер мен
заңды тұлғаларға бір жолғы талондар құны**

Р е т	Талондардың
--------------	--------------------

саны	Қызмет түрлері	теңгедегі құны
1	Өнеркәсіп тауарларын және азық-түлік тауарларын өткізу	286

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК